

Гүлдана Мұхтарбекқызы

Нұрсәуле Тілдабаева

# DOSTAR

3-кітап

Егіздердің әлегі

Балаларға арналған әңгімелер

Астана-кітап  
Алматы, 2021

ӘӨЖ 087.5

КБЖ 83.5

Ж 26

**Мұхтарбекқызы Г., Тілдабаева Н.**

**Ж 26 DOSTAR. 3-кітап. Егіздердің әлегі:** Балаларға арналған әңгімелер. / Мұхтарбекқызы Гүлдана, Тілдабаева Нұрсәуле : - Алматы: Астана-кітап, 2021. - 36 б.

**ISBN 978-601-75-95-15-9 (жалпы)**

**ISBN 978-601-75-95-18-0 (3-кітап)**

Адал достық – адамдықтың негізі. Кітаптың бас кейіпкері Димаш тылсым күшке ие тұлпармен достасады. Екеуінің қарым-қатынасы шынайы достыққа айналады. Алайда Димашқа қалаға көшуге тура келеді. Осылайша, жаңа ортада Гена, Адина мен Тимур секілді балалармен достасып, шытырман оқиғаларды бастан кешіреді. Димаштың қалалық өмірінде де Айжұлдыз оны жалғыз қалдырған жоқ. Қиналған сәттерінде ізгілікке үндеп, жол табуға көмегін тигізеді.

Бұл – жай ғана оқиғалар жинағы емес, әмбебап тәрбие құралы болып табылады. Кітап сериясы - шынайы достықтың оқиғасы. Ересектер мен балалардың арасындағы қарым-қатынасты жаңа қырынан суреттейтін әңгімелер баланың да, үлкеннің де жүрегінен орын алары сөзсіз.

ӘӨЖ 087.5

КБЖ 83.5

**ISBN 978-601-75-95-15-9 (жалпы)**

**ISBN 978-601-75-95-18-0 (3-кітап)**

©Астана-кітап, 2021

## Мазмұны

1 тарау: Қанатты досым.....	5
Күтпеген қонақ.....	6
Түнгі серуен.....	8
2 тарау: Алғашқы қиындықтар.....	10
Жақсы сұрақ – білімнің жартысы.....	11
Жоба деген не.....	11
Су болған кроссовкілер.....	14
Айжұлдыздың ақылы.....	18
Шолпан апай.....	21
Жек көру мен мейірім.....	24
Ортақ жоба.....	24
Кешірім сұрау – нағыз ерлік.....	28
Үмітсіздік.....	33
Тапсырмалар.....	34



## **Құрметті оқырман!**

Тимур мен Адина Димашты бірінші күннен жақтырмады. Арадағы келіспеушілік Димаштың ойын өзгертті. Нәтижесінде жағдайды білектің күшімен емес, ақылдың күшімен шешуге болатынын түсінеді. Бұл мәселеде оған кім көмекке келді?

Димаш нағыз ерліктің құпиясын біле алды ма? Димаштың алдынан күтпеген қиындықтар мен тосынсыйлар шығады. Димаш қандай сезімдерді бастан кешірді?

Бұл бөлімде кейіпкермен бірге мейірім, ерлік пен кішіпейілділік қасиетін көре аласыз. Қиындықтан шығудың дұрыс жолдарын саралап, Димашпен бірге адал достықтың қыр-сырын түсіне аласыз.

Ізгі тілекпен: “Астана-кітап”  
баспасының авторлар ұжымы

# ҚАНАТТЫ ДОСЫМ



## Күтпеген қонақ

Димаш жылап жатып ұйықтап қалған екен. Біреу терезені қақты. Орнынан тұрып, терезені ашты. Ар жағында денесі асыл тастармен қапталған, күміс қанаттары бар жылқы ауада қалықтап тұр. Димаш өз көзіне өзі сене алмады. Таңғалғаны сонша, бір сәтке орнынан қозғала алмады. Есін жиған кезде қашып кеткісі келді, бірақ Димаштың көзі қанатты аттың тұяқтарына түсті. Жүрегі селк етті. Тағада Айдың бейнесі таңбаланған. Таңбаны атасы екеуі Айжұлдызға арнайы жасаған еді. Димашты тер басты. «Мүмкін, бұл ат Айжұлдыз шығар» деген ой келді. Бәсең дауыспен:

– Айжұлдыз, бұл сен бе?

Айжұлдызға тіл бітіп:

– Димаш, қорықпа, мен Айжұлдызбын! – деді.

Димаш мына ғажайыпқа әлі де сене алмады. Алдында тұрған қанатты ат атасының ертегілерінде айтатын нағыз пырақ! Димаш:

– Айжұлдыз, сен қатты өзгеріп кетіпсің. Сен сөйлей аласың ба? Мына қанаттарың қайдан шықты?

– Димаш, мен жай ат емеспін. Мен Алпамыстың тұлпары Байшұбардың ұрпағымын. Сенің қиналғаныңды сезіп, ұшып келдім.

Димаш Айжұлдызын көріп қатты қуанды. Оны құшақтап, жалынан сипады. Ол түсінде көрген қанатты аттың Айжұлдыз болғанын түсінді.